



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

29 қараша
сенбі

№91 (2203)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ӘКІМГЕ АРТЫЛАР ЖҮК АУЫР

Кеше Астанада ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өтті. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру міндеттерін айқындады. Сондай-ақ еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелеріне тоқталды.

– Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері осы жерге арнайы шақырылды. Ауыл әкімдерінің басым көпшілігі, яғни 80 пайызы осында. Жалпы, осындай ауқымды құраммен алғаш рет бас қосып отырмыз. Шын мәнінде, тақырып – өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше. Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Айта кетелік, бүгінгі күнге дейін елімізде 2334 ауыл әкімі сайланған. Нәтиже жаман емес. Ел ішінде жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенетінін білдірген. Ауылды дамытуға бөлінген қаражат та тиімді игеріле бастады. Ең бастысы, ауылдың кірісі көбейді. Жиында ел Президенті алғашқы Жарлығы да ауылды дамытуға арналғанын атап өтті.



– Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға ортақ парыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аудардым. Алғашқы Жарлығым да ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып жатыр. Жуырда ғана Ауыл еңбеккерлерінің екінші форумын өткізіп, осы саладағы өзекті мәселелерді қаралдық. Ал бүгін ауыл-аймақтардың даму бағдарын айқындаймыз. Бұл – мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттің бірі, – деді ел Президенті.

Ауыл әкімдерінің басын қосқан жиында ауылдардағы оң өзгерістер де атап айтылды. Мемлекет басшысы атап айтқандай, 2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан салынды. Сондай-ақ 388 жана мектеп ашылды. Былтыр 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет берілді. Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті артып келеді. Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі жылда 1,5 еседен астам өсіп, 8,3 триллион теңгеге жетті. Биыл ауылдағы шаруаларға 1 триллион теңге көлемінде қолдау көрсетілген. Жиында атап айтылғандай, алда биік мақсат бар, ол ауылдағы жағдайды жақсартып, жұмысты күшейту керек. Сондай-ақ әкімдерге артылар жауапкершілік те аз емес. Бұл туралы газеттің келесі санында кеңінен жазамыз.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ЕЛ БІРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ



Елдегі саяси тұрақтылық, ішкі саясаттың беріктігі, бірлік пен ынтымақ, діни ахуал, жастар мен отбасы мәселесі және басқа да саланың жұмысын жүйелі түрде жүргізу қоғамдық даму бөлімінің негізгі міндеті. Осы орайда, қалалық қоғамдық даму бөлімінің жыл бойы атқарған жұмысына шолу жасадық.


Сала мамандары 681 үкіметтік емес ұйыммен, 289 қоғамдық бірлестікпен, 175 қоғамдық қормен, 26 ассоциациямен, 191 филиалмен бірлесіп түрлі іс-шаралар мен кездесу кештерін, спорттық, мәдени шаралар, дөңгелек үстел, дін өкілдерімен үгіт-насихат жұмысын жүргізіп келеді.



Биылдың өзінде қалалық қоғамдық даму бөлімімен 7 әлеуметтік жоба жүзеге асқан.

Облыстық мүмкіндігі шектеулі спортшылардың «Жігер» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қала көлемінде діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған насихаттық шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік жобасымен мешіт жамағаттары мен қызметкерлері арасында кіші футболдан «Теңбіл доп» ойыны ұйымдастырылды, «Руханият керуені» жобасы бойынша 30 кездесу өткізіліп, 120 үгіт-насихат жұмысы жүргізілген.

2-БЕТТЕ



КӨПТЕН КҮТКЕН

ҚҰАНЫШ

Жол қиындығын жүрген біледі. Бұған дейін Астанаға қарай жол жүріп көрсеніз, жол азабын тартқан боларсыз. Елдің жылдар бойы айтып келе жатқан жол мәселесінің түйіні шешілгендей. Қызылорда облысы аумағында орналасқан республикалық маңызы бар Қызылорда – Жезказған автожолының жаңартылған бөлігінде негізгі жұмыстар толық аяқталып, көлік қозғалысы ашылды. Облыс аумағына тиесілі бөлігі (192 шақырым) аяқталып, пайдалануға берілді.

2-БЕТТЕ

ОҚУҒА ҚҰШТАР БІЛІМ ОРДАСЫ

Қазіргі таңда жас буынды кітап оқуға қызықтыру маңызды. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ҚР оқу-ағарту министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды. Аталған жоба өскелең ұрпақты бала кезінен кітап оқуға дағдыландыру, халық арасында оқу мәдениетін қалыптастыру, түптікел келгенде, бүтін ел болып әлемдегі ең көп кітап оқитын он елдің қатарына ену сияқты биік мақсат қойып отыр. Осы жоба аясында қаламыздағы



Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектебі «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында облыстық деңгейде «Оқитын мектеп – табысты мектеп» жобасымен тірек мектеп болып жұмыс істеуде. Жоба аясында білім ордасында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Атап айтсақ, жакында мектепте облыстық әдістемелік оқу орталығының қолдауымен бастауыш сынып педагогтеріне арналған «Көркем әдебиетті бастауыш сынып сабақтарында қолданудың әдіс-тәсілдері» атты облыстық семинар өтті.

3-БЕТТЕ

«Кешкісін жұмыстан шаршап келгенде досым қоңырау шалды. Тұтқаны көтерсем, қоя салады, қайта қоңырау шалсам, көтермейді. Артынша WhatsApp-қа хабарлама келді: «Сәлем, 45 мың теңге бере тұршы, ертең қайтарып берем». Қарыз сұрай қоймайтын досыма не болып қалды екен деп қайта қоңырау шалдым. Телефонның ар жағынан «не істеймін, «ватсабым» алаяқтардың қолында» – деп сабырсыздана үн қатты. Шынында не істеу керек? Күнде алаяқтан сақтануға үндеп жатсақ та мұндай кезде не істеріңді білмей қалады екенсің. Бұл қала тұрғыны Ерланның басынан өткен жағдай. Ал мұндай оқиға күн сайын мыңдаған адамды зұре-сарсаңға түсіретіні сөзсіз.

ОНЛАЙН ТҰЗАҚ:



алаяқтар «WhatsApp» арқылы қалай тонайды?

Досының аккаунтын әлдеқашан алаяқтар бұзып, тек оған ғана емес, оның барлық танысына хабарлама жіберіп, жүздеген адамнан ақша жинап үлгерген. Мұндай жағдай бүгінде елімізде күн сайын қайталанып жатыр. Біреу досына ақша жібереді, біреу eGov порталының кодын айтып қояды, тағы біреу желі таныс сілтемеге кіріп, WhatsApp пен әлеуметтік желідегі парақшасы алаяқтардың қолына түседі. Бір қарағанда, қауіпсіз көрінген хабарлама бір сәтте-ақ үлкен шығынға айналуы мүмкін.

Соңғы жылдары мұндай жағдай күн сайын қайталануда. «WhatsApp» пен әлеуметтік желілерді бұзып, адамдарды алдап, оңай олжа тапқысы келетіндер көбейді. Алаяқтардан қорғану үшін интернеттегі алаяқтықтың қыр-сырын талдап, ең маңызды сұраққа жауап іздеп көрейік.

4-БЕТТЕ



КӨПТЕН КҮТКЕН ҚУАНЫШ

Салтанатты рәсімге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Баскарма төрағасы Дархан Иманашев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыстың құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, ел ағалары мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Салтанатты шарада аймақ басшысы құттықтау лебізін жеткізіп, құрылысты жүргізген жолшыларға алғыс білдірді. Сондай-ақ бұл жолдың өңір экономикасына, өндірістің өркендеуіне, тұрғындардың әл-ауқатының артуына тигізетін оң ықпалы мен ерекше маңызын атап өтті.

— Бүгін — аймағымыз үшін тарихи күн! «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының ашылу рәсмінде бас қостық. Халқымыз ұзақ жылдан бері армандап келген автожолды салуға қолдау көрсеткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына барша Сыр жұртшылығының атынан зор ризашылығымызды, шынайы алғысымызды білдіреміз. Республикалық маңызы бар автомобиль жолы туралы мәселе Тәуелсіздік алған кезеңнен бері бірнеше мәрте көтерілді. Ауа райының қолайсыздығына карамастан, тұрғындарымыз қара жолмен елордаға, Ұлытау, Қарағанды облыстарына қатынады. Астанаға 2 мың шақырымнан астам жол жүріп, Балқаш арқылы да барды. Енді міне, Президентіміздің ерекше қолдауының арқасында қанша жылдан бері халқымыз көтерген өзекті мәселе өз шешімін тапты. Облыс аумағындағы 216 шақырым жол толық қайта жаңғыртудан өтіп, тиісті жұмыстар аяқталды. Жобаны жүзеге асыруға 84 млрд теңге бөлінді.

Бұрынғы өткен бабалардан қалған «Бак, қайда барасың, ынтымағы жарасқан елге барамын», — деген жақсы сөз бар. Әрдайым бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты болсын! Жүргізушілер мен жолаушыларға әрдайым ақ жол, сәт сапар тілейміз! Жаңа жол берекенің бастауы болғай, — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ баскарма төрағасы Дархан Иманашев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев құттықтау сөз сөйледі.

— Бұл — тек жол ғана емес, өңірдің дамуына, тұрғындардың өмір сүру сапасының артуына, қалалар арасындағы сауда-экономикалық байланыстың нығаюына жол ашатын маңызды инфрақұрылымдық жоба. Бүгін жалпы ұзындығы 400 шақырымнан асатын «Қызылорда-Жезқазған» автобанының Қызылорда облысындағы 192 шақырымдық бөлігін іске қосып отырмыз. Ал Ұлытау облысына келсек, келісім-шартта екі аралықтағы жолдың салынып бітуі 2027 жылдың аяғына жоспарланған. Бірақ келер жылдың соңына дейін осы облысқа қарасты 208 шақырым құрылысты бітіру жоспарланып отыр. Қазір Ұлытау өңіріндегі құрылысқа 4 мердігер компания тартылды. 8 нысан бойынша құрылыс жүреді. Биыл осы 208 шақырым жолдың 50 шақырымына асфальт қабаты төселеді, — деді «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Баскарма төрағасы Дархан Иманашев.

Қазіргі таңда «Қызылорда-Жезқазған» жолын «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізіне қосатын 25 шақырымдық айналма жол салатын мердігер мекеме анықталуда. Жақын арада құрылысы басталады. Жоба құны — 46 млрд 3 млн теңге.

Жалпы «Қызылорда-Жезқазған» жолының ашылуы келесі жылға жоспарланғаны белгілі. Бірақ халық сұранысы ескеріліп, мерзімінен бұрын пайдалануға берілді. Сондай-ақ бұрын сапарға шыққандар екі аралықта 20 сағат жол жүретін. Енді жаңа жолға түскен жолаушылар 16 сағатта, ал Ұлытау облысының аумағындағы жол құрылысы аяқталса, Астанаға бағыт алған көлік 12 сағатта жететін болады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте



Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 27 қарашадағы № 3173 қаулысы

«Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 23 сәуірдегі №1807 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 37-бабына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2025 жылғы 24 қарашадағы № 01-01/2619 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі КАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 23 сәуірдегі №1807 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданымға енгізіледі.

Постановление акимата города Кызылорда № 3173 от 27 ноября 2025 года

О признании утраченным силу постановления акимата города Кызылорда №1807 от 23 апреля 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд»

В соответствии со статьей 37 Закона «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», а также рассмотрев письмо государственного коммунального предприятия «Кызылордатеплоэлектростанция» на праве хозяйственного ведения управления энергетикой и жилищно-коммунального хозяйства Кызылординской области № 01-01/2619 от 24 ноября 2025 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утраченным силу постановление акимата города Кызылорда №1807 от 23 апреля 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд».

2. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда принять необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Қызылорда қаласының әкімі

НАХАТОВ

Аким города Кызылорда

НАХАТОВ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ — ЕЛ БІРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ

Қазіргі қоғам үшін өзекті саналатын «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған түсіндірме жұмысын, адам саудасы мен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы сәтті жүзеге асқан. Жобаны ұйымдастырушылар қалаға қарасты кент, ауылдық округ тұрғындарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, алаяқтық және құқықтық сауаттылық туралы кеңес берген. Қаланың орталық көшелеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тақырыбында көрнекі ақпараттар ілінген. Халық көп шоғырланған орындарда кітапшалар таратылып, осы тақырыптағы «Үздік бейнеролик» байқауы өтті. Қоғам кеселіне қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мемлекеттік қызметшілер арасында шағын футбол, волейбол, шахмат және үстел теннисінен турнир ұйымдастырылған.

«Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық — қоғам дерті» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, жоғарғы және арнаулы орта оқу орындары студенттері арасында өткізілген «Брейнинг» интеллектуалды ойыны көпшіліктің назарына ұсынылған.

Сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық түсіндірме жұмыстарын, адам саудасы мен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру» жобасы аясында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі» орталығы қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, алаяқтық және құқықтық сауаттылықты арттыру туралы кеңес берілген. Кездесу соңында қатысушыларға QR форматы арқылы сауалнама жүргізілген.

Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оған зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, тарихшылар қатысқан іс-шара қала тарихы туралы тың ақпаратқа

Тағы бір әлеуметтік жоба аясында 34 имам мешіттерде түсіндірме жұмысын жүргізсе, республикалық ақпараттық-насихаттық топтың (РАНТ) мүшесі, дін саласының білікті маманы Нұрсұлтан Мамедалиев Қызылорда қаласына іссапар барысында пробация есебінде тұрған азаматтармен, білім беру саласының мамандарымен және әлеуметтік осал топтағы азаматтармен кездесіп, діни сауаттылықты арттыру бағытында насихат жүргізіп, діни сауаттылығын шыңдады.

Мемлекеттік жастар саясатын жүргізу қоғамдық даму бөлімінің негізгі жұмысының бірі.

дықтары» жайлы деп жариялағаны белгілі. Осыған орай кәсіптік және техникалық мамандық алып жатқан тігіншілер, аспазшылар, дәнекерлеушілер, тас қалаушылар, электрліктер арасында байқаулар ұйымдастырылды. Бұған қоса, «Ауыл жастарына қолдау көрсету және әлеуметтендіру», «Жастар арасында патриоттық сананы қалыптастыру және отбасы құндылықтарын насихаттау», «Волонтерлік және қоғамға пайдалы жастар» сынды жобалар да қолға алынды, — дейді қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов.

Діни экстремизм мен терроризмнің



Статистикалық мәліметке сүйенсек, жастар қала халқының 28,5 пайызын құрайды. Бүгінде мемлекеттік жастар саясаты бойынша 8 әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Олардың қатарында «Жұмысшы мамандықтарды насихаттау», «Ауыл жастарына қолдау көрсету және әлеуметтендіруді жүзеге асыру», «Жастар орталығы, жастар үшін мүмкіндік алаңы», «Жастар арасында патриоттық сананы қалыптастыру және отбасы құндылықтарын насихаттау», «NEET санатындағы және қылмысқа бейім жастарды

алдын алу жайы да назардан тыс қалмаған. Осы мәселені түсіндіру мақсатында жұмыссыздықпен тіркелген азаматтармен, базарларда және түрлі қызмет көрсету орнында өзін-өзі жұмыспен қамтушылармен, жоғарғы және арнаулы орта оқу орындары студенттерімен, сотталғандармен және олардың жақын туыстарымен, қандастармен, әлеуметтік осал топтармен, вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтармен, еңбек мигранттарымен, оқушылардың ата-анасымен, спортшылармен, мәдениет саласы қызметкерлерімен және мәдениет үйірмесі мен кітапханаға келушілермен, құрылысшылармен, кент, ауылдық округ тұрғындарымен, ауыл шаруашылығы ветеринария, жер қатынастары саласы мамандарымен, ардагерлер үйіндегі ем алушылармен, денсаулық сақтау мекеме ұжымдарымен 94 кездесу ұйымдастырылып, оған 3129 адам қатысқан.

Экстремизм мен терроризмге қарсы насихат жұмысын жүргізу мақсатында 7 паракша ашылып, 1500-ден астам материал жарияланған. 4 бейнеролик, 50-ден астам пост әзірленіп, әлеуметтік желіге жүктелген. Сондай-ақ «Қала көлеміндегі экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған насихаттық шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылып келеді.

Мәселен, «Руханият керуені» жобасы бойынша 20, жеке адресстің профилактикалық 90 кездесу өткізілген. Жобаға Дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығы теолог мамандары Асхат Ерубай, Олжас Нарымбетов, Бакберген Сарсенбайұлы тартылған.

Зайыршылық және дінтану негіздері пәнінің мұғалімдері және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, қала жастары және жастар ұйымының жетекшілері, Белкөл кентінің тұрғындары, АТТ мүшелері және дін саласының қызметкерлері, осал топтар және мектеп оқушыларымен «Рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау», «Жастар арасында рухани құндылықтарды түсіндіру және діни сауаттылықты арттыру», «Дәстүрлі діндердің рухани құндылықтарын түсіндіру» тақырыбында кездесу өтуі жастар тәрбиесіне оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Қала әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия жүйелі жұмыс істеп келеді. NEET санатындағы және маргинал жастармен жұмыс істеу жөніндегі жұмысшы топ отырысы қала әкімдігінде өткізіліп, «NEET санатты және маргинал жастармен жүргізіліп жатқан жұмыстар», «Пробациялық есептегі жастармен жүргізілген жұмыстар туралы», «Қосшынырау ауылдық округіндегі NEET санатындағы және маргинал жастармен атқарылған жұмыстар» жайлы мәселе қаралып, тиісті тапсырма берілген.

— Қала әкімінің қаулысымен қала әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кенестің құрамы бекітіліп, отырыста әлеуметтік жобалар бойынша атқарылған жұмыстар сараланып, келер жылға жоспарланған әлеуметтік жобалар туралы, қалалық жастар ресурстық орталығының үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе атқарған жұмысы туралы, қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтердегі үкіметтік емес ұйымдар секторын дамыту және олар бойынша атқарылған жұмыс туралы мәселе қаралып, жүйелі түрде хаттамалық тапсырма беріліп отырады, — дейді бөлім басшысы.



толы болды. Сонымен қатар мерейтой аясында шаһар тарихынан сыр шертетін материалдар «Қазақ атауы қайтарылған күн», «Тарихы терең Қызылорда» тақырыптарында жергілікті телеарналардан көрсетіліп, газеттер мен ақпараттық сайттарда, әлеуметтік желілерде мақалалар легі жарияланду.

Отбасы тақырыбында қоғамды алаңдатып отырған жайттар жетерлік. Сондықтан шаңырақ шырайын кіргізер отбасылық үрдісте татулық, ынтымақ, ауызбірлік шешуші рөл атқарады. Демек, отбасы — Отанның ажыраамас бөлігі. Отбасы күніне орай «Анаға тағзым» орталығында «Бақытты отбасы — бақытты ел» атты тағылымды кездесу өтті. «Мерейлі Отбасы» ұлттық конкурсы қалалық кезеңінің II орын жеңімпазы Мыңжасаровтар, үстаздар әулеті, жарты ғасырлық тарихы бар «Алтын той» иелері Мырзабаевтар, денсаулық саласының ардагері, дәрігер Жаскылық Сәрсенбайұлы мен отанасы, «Жана серпіліс» қоғамдық қорының төрайымы Сапура Сәрсенбаева келіп, отбасын сақтау жолында айтты.

Шаһар шырайын кіргізіп, ауласын абаттандырып отырған қала тұрғындарын ынталандыруда «Үздік аула — 2025 байқауы» әлеуметтік жобасының пайдасы зор. Биыл ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесінде «Үздік аула» байқауының жеңімпаздары марапатталған.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын жыл сайын өткізу дәстүрге айналғанының өзі отбасылық тәлім-тәрбиенің маңызын айшықтайды. Отбасы орталығында «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің жеңімпаздарын марапаттауға арналған салтанатты шара өткізіліп, жеңімпаз атанған отбасылар қала әкімінің дипломымен марапатталды.

Сонымен қатар «Интернет ресурстар және әлеуметтік желілер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты ұйымдастыру, қоғамдық-саяси ахуалға мониторинг жүргізу» әлеуметтік жобасымен ақпараттық-имидждік, тәрбиелік-танымдық бағытта мақалалар әзірленіп, жасөспірімдер арасындағы бұзақылықтың, отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын-алу тақырыбында бейнематериал жариялап келеді.

Басы 1-бетте

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы маман-

Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА



ТАҒЛЫМЫ МОЛ ТАРИХИ МЕКТЕП

Мектеп жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін киелі де қасиетті ұя. Ал сол мектептің негізгі тірегі – білімді де білікті мұғалім. Заман талабына сай әр баланы қабілетіне қарай дамыту, білім бәйгесінде жүзден жүйрік, мыннан тұлпар шәкірт тәрбиелеу – мұғалімдердің ерен еңбегінің жемісі. Бүгінде жас ұрпаққа сапалы білім беру ізденісті талап етеді. Осы орайда, жас ұрпаққа сапалы білім беруге ұмтылған Ғани Мұратбаев атындағы №171 орта мектебін атап айтқға болады.

Мектеп табалдырығын аттағаннан-ақ бір жылдық сезіледі. Қоңырау сыңғыры, сыныптардағы оқушылардың көңілді дауысы ғимараттың сәнін келтіріп тұрғандай. Дәлізде көздің жауын алатын, кеудені нұрға бөлейтін ақпараттар, оқушылар, түлектер, мұғалімдер туралы баннерлерді көруге болады.

Сапалы білім мен тәрбиені мақсат еткен мектеп директоры

шәкірт тәрбиелеп, алға жетелейтін дарынды да талапты оқушыларды білім нәрімен сусындатуды жалғастыра бермек, – дейді Гүлмира Қоңырбаева.

Балаға жақсы тәрбие мен білім беру мұғалімдердің негізгі борышы десек, ұжым бұл мақсаттан шығуда тосылған жоқ. Көзбен көргеніміздей, мектептің педагогикалық ұжымы заман ағымына сай әдістерді, технологияларды, жаңа көзқарастарды енгізіп, ілгері

сынды мұғалімдер оқушыларды ғылыми жоба, олимпиадаларға, кәсіби байқауларға дайындап, үздіктер қатарынан көрініп жүр.

Елу жылдан аса тарихы бар мектепте ауыз толтырып айтарлықтай жетістік көп. Тарихы бай білім ордасынан түлеп ұшқан түлектер еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етуде.

Оқушылардың білім деңгейі ұлттық бірінгей тест кезінде таразыланып келеді. Мектеп

кабинеті жабдықталды. Барлық сынып кабинеттеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оқушылар түрлі үйірмелерге қатысады. Оның ішінде би, колөнер, асық ату, тоғыз-құмалақ, «Жас сарбаз» әскери патриоттық үйірмелер бар. Мұның барлығы баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар 200 оқушы ыстық тамақпен қамтылған, – деді мектеп директоры.

Елімізде кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған «Кітап оқитын ұлт» жобасы қолға алынғаны белгілі. Аталған міндеттемелерді іс жүзінде жүзеге асырудың маңызды қадамдарының бірі – кітап оқу. Сондықтан да ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атыраудағы Ұлттық құрылтайдың III отырысында бұл мәселеге ерекше тоқталды. Ол өз сөзінде: «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», – деген болатын.

Осы орайда, мектеп кітапханасына да кіріп, оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын білгенді жөн көрдік.

– Кітап оқу арқылы бәсекеге қабілетті әрі мықты боламыз. Сондықтан мектеп табалдырығын аттаған әр баланы кітап оқуға қызықтырамыз. Сабақ тапсырмаларын немесе көркем әдебиетті оқу мақсатында кітапханаға бас сұғатын оқушылар көп. Қазіргі таңда кітапхана қорында 28 мыңнан аса кітап бар. Сондай-ақ 69 ерекше балаларға арналған кітап, 335 электронды оқулықтар бар. Мектептегі 330-дан аса бала кітапханаға жазылған. Одан бөлек, балалар кітапханасы жобасы тұрақты түрде жұмыс істеуде. Балаларды кітап оқуға бейімдеу мақсатында сынып сағаттарын



Гүлмира Қоңырбаева 2024 жылдан бастап жауапкершілік жүгін аркалап келеді.

– Балалардың заманауи ғимаратта оқығаны дұрыс. Осы мақсатта арнайы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мектепке күрделі жөндеу қажет. Алдымызға келген шәкірттерге білім беруде мұғалімдердің рөлі ерекше. Мұғалім болу – тек білім мен біліктілікті ғана емес, жан-жақтылықты, парасаттылықты талап ететін мамандық. Оқушының қабілетін дамытып, шырағын жағу – біздің міндетіміз. Бүгінгі таңда заман ағымы жас өрендерге түрлі бағдар беруге үлкен жауапкершілікті талап етіп отыр. Дарынды бала – бәріміздің мақтанышымыз, сонымен бірге ортасының өнегесі. Балалардың кез келген жетістігін сыныпта, мектепте насихаттап, талабын ұштап отыру маңызды. Сондықтан да мектептің ішкі-сыртқы техникалық базасы, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі, заманауи құрылғылармен өрендердің жұмыс істей алу мүмкіндігі баланың тиімді білім алуына ықпал етеді. Шәкірттердің жеткілікті деңгейде оқуына барынша жағдай жасаймыз. Облыс орталығында орын тепкен №171 мектептің ұжымы жарты ғасырдан аса уақыттан бері осы бағытта тапжылмай еңбек етіп келеді. Мектеп мұғалімдер еліміздің кемел келешегіне үлесін қосатын



жылжып келеді. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дегендей, шәкірт жүрегіне жол таба білетін мұғалім көп. Мектепте 72 мұғалім жұмыс істейді. Олардың ішінде 23 педагог-зерттеуші, 13 педагог-сарапшы, 26 педагог-мәтінші бар. Жас мамандарды да мектеп мақтан тұтады. Олар әр баланың озық ойлы азамат болуына өз үлесін қосуда. Мұнда Бахыт Насырова, Зарипа Сматауллаева, Анар Рүстемова, Жанар Сейілова сынды шығармашыл мұғалімдер еңбек етеді. Ал Жанар Тәжиева, Ғалия Жарас, Ләззат Абуталипова, Рамина Молдашева, Жұлдыз Төлегенова, Мөлдір Медетова

түлектері ҰБТ-дан жақсы нәтиже көрсетіп келеді. 2024 жылы 30 түлек мектеп бітірсе, 15 оқушы грантка түске, 3 оқушы «Алтын белгі» иегері атанған. Ал 5 оқушы орта арнаулы оқу орнына бюджет есебінен, қалған оқушылар жоғары оқу орнына ақылы оқуға түскен. Нәтижесінде түлектердің барлығы дерлік жоғары оқу орнына орналасқан.

– Мектеп биыл жаңа оқу жылына қарсы орташа жөндеуден өтті. Сұранысқа сәйкес, мектепті жарықтандырдық. Қаржының көлеміне байланысты қажет деген жұмыстарға мән берілді. Атап айтсақ, спорт зал, STEAM

өтеміз. Биыл төрт мыңнан аса сұранысқа сай кітаптар келді. Оқушылар көбінесе көркем әдебиеттерді, шетел кітаптарын көп алып оқиды. – дейді мектеп кітапханашысы Айгүл Жылқыбаева.

Мектеп ұжымы жаңа технология ғасырында уақыт көшінін қалмай келеді. Мектепті заманауи бағытта жабдықтауға да күш салуда. Мұндағы мақсат – оқушылардың заман талабына сай ғимаратта білім алуына толық мүмкіндік жасау. Себебі мұнда өз ісіне берілген майталман мамандар мен кемел келешегім білімде деп ұғынған ынталы шәкірттер бар.

ОҚУҒА ҚҰШТАР БІЛІМ ОРДАСЫ

Семинарға облыстың барлық мектептерінен мұғалімдер қатысты.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың оқитын ұлт қалыптастырудағы мақсаты аясында 2022 жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы енгізілген еді. Сол уақыттан бері «Балалар кітапханасы» бағдарламасы жүзеге асуда. Мұндағы негізгі мақсат – балаларды тек кітап оқуға тәрбиелеу емес, жаратылыстану пәндерінде сабақты көркем әдебиет арқылы өту. Яғни, балаларды оқыта отырып, тәрбиелеу. Тәрбие мен білімді біртұтас ету. Балалардың сөздік қорын молайту, логикалық есептерді тез түсіну, эссе жазу үшін көркем әдебиет бізге қажет. Бүгінде балалар кітаптан алыстап кетті. Сондықтан да көркем әдебиеттің

зеге асыруды тапсырды. Біздің мектеп осы бағдарлама аясында түрлі жобаларды қолға алды. Осыған орай ұйымдастырылған семинардың мақсаты – көркем әдебиетті бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесіне тиімді енгізу, бастауыш сынып білім алушыларының көркем әдебиет оқуға қызығушылығын арттыру және мұғалімдердің әдістемелік тәжірибесін жетілдіру. Семинар облыстық оқу орталығының әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілді. Жас буынды кітапқа қызықтыру мақсатында балаларға білім беру қолға алынған. Нәтижесінде бастауыш сынып оқушылары «Айгөлек» журналына жазылып, түрлі әңгімелерін журналға жариялауда.

«Таза мәтін мәдениеті: оқушының академиялық сауаттылығы», «Мектебім – менің мақтанышым» эссе тақырыбына мультфильм жасау, Достарды біріктіретін көңіл-күй» тақырыптарындағы көрмесі болды. Бұл көрме жас буынның цифрлық ойлау қабілетін, ЖИ платформаларына, жаңа технологияларға деген қызығушылығын айқын көрсеткен оқушылар көрмесіне айналды.

– Екі жылдың көлемінде біздің мектебіміз облыстық деңгейде «Оқитын мектеп» – табысты мектеп» жобасы аясында жұмыс істейді. Жобадағы негізгі мақсатымыз көркем әдебиетті оқу процесі барысында, сыныптан тыс шараларда, түрлі байқауларда енгізіп, балаларға кітап оқыту.



Мұндағы негізгі мақсат – балалардың функционалдық сауаттылығын арттыру, мәтінмен жұмыс барысында қиналмауға үйрету. Тірек мектебі аясында мектеп ішінен «Оқитын әкмішілік», «Отбасымен оқыған бір кітап», «Ұстазбен оқыған кітап» секілді түрлі шаралар ұйымдастырылады. Әрбір сабақ барысында көркем әдебиетті қолданылады, – дейді директордың бейінді оқыту жұмыстары жөніндегі орынбасары Эльмира Қапанова.

Семинардың бірінші панельдік сессиясында бастауыш сынып мұғалімдері мен пән педагогтары өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, оқу үрдісін дамытуға бағытталған ашық сабақтар мен әдістемелік жұмыстар ұйымдастырды. Оның ішінде «Бастауыш сыныпта көркем әдебиеттер арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру тәсілдері» сабағы бойынша мұғалімдер көркем әдебиеттерді сабақта тиімді қолдану, оқушының тілдік дағдыларын дамыту және пәнге қызығушылықты күшейту жолдары бойынша өз тәжірибесін ұсынды. Сабақ барысында мұғалімдер әдістемелік жаңалықтармен алмасып, оқыту сапасын арттыруға бағытталған тиімді практикалық ұсыныстар берді. Іс-шара педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге, шығармашылық тәжірибесін кеңейтуге оң ықпал етті.

Ал семинардың екінші панельдік сессиясы кездесу ретінде ұйымдастырылып, бастауыш сынып мұғалімдері мен пән педагогтары заманауи білім беру тенденцияларына негізделген шеберлік сабақтарын ұсынды. Сессияның негізгі мақсаты – пәндерде көркем әдебиетті кіріктіре оқыту, экологиялық тәрбиені дамыту және жасанды интеллект мүмкіндіктерін оқу үдерісінде тиімді қолдану бағытында тәжірибе алмасу болды.

Шеберлік сағаты барысында «Айгөлек» журналы мен көркем әдеби шығармалардағы оқу материалы арқылы пәндерге кіріктірудің тиімді жолдары көрсетілді. Сабақ оқушылардың сөздік қорын байыту, тілдік дағдысын дамыту және пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Семинар педагогтердің кәсіби дамуына серпін беріп, білім сапасын арттыруға бағытталған мазмұнды алаң болды. Семинар соңында «Оқуға құштар бастауыш мектеп: идеядан іске» тақырыбында облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) қосымша білім беру және кітапхана бөлімінің меңгерушісі Гүлайым Ақмырзаева қорытынды пікірталас ұйымдастырды. Іс-шара ашық диалог форматында өтті.

Бетті дайындаған
Айтолқын АЙТЖАНОВА
Суретті түсірген
Н.НУРЖАУБЫ

құндылығын әрбір бала жас кезінен түсіне білуі керек. «Оқитын мектеп» – табысты мектеп» жобасы аясында бұл мектепте жылына түрлі іс-шаралар өтеді. Бүгінгі семинарға «Көркем әдебиетті бастауыш сынып сабақтарында қолданудың әдіс-тәсілдері» бағытындағы жұмыстар таныстырылуда, – деді облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) қосымша білім беру және кітапхана бөлімінің меңгерушісі Гүлайым Ақмырзаева.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы Түркістан қаласында өткен «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «Біз ең алдымен жастарды кітап оқуға баулуымыз керек сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз» дей келе «Балалар кітапханасы» бағдарламасын жү-

Осы уақытқа дейін көркем әдебиетке қызығушылық болмаса, қазіргі таңда оқушылар түрлі жобаларын бізге ұсынады. Бүгінгі семинарға келген мұғалімдердің қызығушылығы арта түскенін байсынып сабақтарында қолданудың әдіс-тәсілдері» бағытындағы жұмыстар таныстырылуда, – деді облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) қосымша білім беру және кітапхана бөлімінің меңгерушісі Гүлайым Ақмырзаева.

Семинардың пленарлық бөлімінде жоба бойынша көркем әдебиеттің сабақтарда, сыныптан тыс іс-шаралар, байқаулар мен түрлі бағыттағы қолдану тәсілі көрсетілді. Мектептің дидактикалық материалдар көрмесі «Әдебиет керуені: Айгөлекпен саяхат», «Оқырман әлемі» тақырыбында таныстырылды. Биылғы оқу жылының тың жобаларының бірі мектеп парламентінің тоғызыншы жаңа – «Цифрлы Болашақ» фракциясы оқушыларының «Жасанды интеллект ерекше бала көзімен»,

Әлемдік статистика: киберқылмыс жаңа «індетке» айналды

Әлемде интернетті пайдаланбайтындар қатары жоқтың қасы. Сол себепті кибералаяқтық пен аккаунт бұзу оқиғалары да күрт өсіп келеді. «stationx.net» сайтында жарияланған әлеуметтік желілерді бұзу туралы 2024 жылғы шолуға сүйенсек, ай сайын орта есеппен 1,4 миллиардқа жуық әлеуметтік желі аккаунты бұзылып, әр бесінші аккаунт хакерлердің қолына түседі, ал 2021 жылы әлем тұрғындарының 40 пайызы әлеуметтік желі арқылы жасалған алаяқтық шабуылдың құрбаны болған. Бұл статистика жай сан емес, бүкіл әлем бойынша адамдардың ақшасы мен жеке өміріне төнген нақты қауіп.

«fbi.gov» сайтында жарияланған ғаламтор қылмыстары туралы 2024 жылға арналған қауіпсіздік есебіне сүйенсек, АҚШ-та былтыр интернет арқылы жасалған қылмыстар бойынша шамамен 860 мың шағым түсіп, азаматтар мен бизнес жалпы есеппен 16,6 миллиард АҚШ долларынан айырылған. Бұл – 2023 жылмен салыстырғанда шамамен үштен біріне көп шығын. Сарапшылар мұның тек аз сан екенін, көптеген құрбан ұялып немесе үмітін үзіп, полицияға жүгінбейтінін айтады. «Cybersecurityventures.com» сайтында жарияланған болжамға сүйенсек, 2025 жылға қарай киберқылмыстардың әлемдік экономикаға келтіретін жылдық шығыны 10,5 триллион АҚШ долларына жетуі мүмкін. Бұл көрсеткіш кейбір елдердің жалпы ішкі өнімінен бірнеше есе көп, яғни киберқылмыс жеке адамдардың ғана емес, мемлекеттің қауіпсіздігіне әсер ете бастағанын көрсетеді.

«WhatsApp» – алаяқтар үшін таптырмас алаң

«Meta» компаниясының бас директоры Марк Цукербергтің айтуынша, 2025 жылы «WhatsApp» мессенджерін ай сайын 3 миллиардтан астам адам қолданады. Яғни жер бетіндегі әр екінші интернет қолданушы осы платформада отыр деген сөз. Осыншама үлкен аудитория бар жерде алаяқтар да қарап қалмайды. Олар бір ғана қосымша арқылы миллиондаған адамды тұзағына түсіреді.

Вена университетінің мамандары WhatsApp-тың «контакт іздеу» жүйесіндегі осалдықты анықтап, осының арқасында теориялық тұрғыда 3,5 миллиардқа жуық қолданушының телефон нөмірі мен ашық профиліне қатысты мәліметтерді автоматты түрде жинауға болатынын көрсеткен. Бұл жылдар бойы түзетілмей келген, яғни пайдаланушылардың байланыс деректері ұзақ уақыт бойы тәуекел аймағында болған.

«hi-tech.mail.ru» сайтында жарияланған сараптамалық мақалада 2024-2025 жылдары Ресейдегі «WhatsApp» қолданушыларына қарсы фишингтік шабуылдардың саны 10 есеге дейін өскені айтылады. 2024 жылы аккаунттарды ұрлауға арналған зиян домендер саны 218-ден 1500-ге жетіп, 2025 жылдың өзінде-ақ жүздеген жаңа жалған сайттар тіркеліп үлгерген. Бұл үрліс ТМД кеңістігінің басқа елдері үшін де өзекті, себебі алаяқтар схеманы бір елде «сынап көріп», кейін көршілес елге көшіре салады.

Қазақстандағы статистика: сан да, залал да өсуде

Бас прокуратураның тамыз айындағы мәліметіне сүйенсек, 2025 жылы Қазақстанда 14 мыңнан астам интернет-алаяқтық дерегі тіркелген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 22 пайызға көп. Келтірілген залал 6 миллиард теңгеден асып, оның ширек бөлігі ғана жәбірленушілерге қайтарылған. Сондай-ақ 217 «дроппер» – яғни өз есепшоттарын және төлем карталарын алаяқтарға жалға берген азамат қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 61 киберқылмыстық топ әшкереленген. 2024 жылы интернет-алаяқтық бойынша 22,9 мың қылмыстық іс қозғалғанымен, олардың едәуір бөлігі нақты кінәлілер табылмағандықтан жабылып қалған. Бұл – киберқылмыскерлердің ізін жесу мен дәлел жинаудың қиыншылығын қиын екенін, ал азаматтардың ақшасы қайтпай жатқанын көрсетеді.

Яғни жаһандық тренд Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Цифрландыру деңгейі өсіп, банктік қызметтер мен сатып алу онлайнға көшкен сайын алаяқтар да «жұмысын» сол жаққа ауыстырып отыр.

«Polisia.kz» ақпараттық порталы мен өңірлік полиция департаменттерінің хабарламаларына сүйенсек, интернет-алаяқтар Қазақстанда бірнеше танымал схема бойынша жұмыс істейді.

Бірінші кең тараған тәсіл – «банктің қауіпсіздік қызметінен» қоңырау. Белгісіз нөмірден қоңырау шалған адам

Басы 1-бетте

ОНЛАЙН ТҰЗАҚ:



АЛАЯҚТАР

«WhatsApp» арқылы қалай тонайды?

өзін банк қызметкерімін деп таныстырып, «шотыңыздан күдікті операция жүріп жатыр», «атыңызға несие рәсімделгені түр» деген сияқты сөздермен қорқытады. Кейін «ақшаныңды қауіпсіз шотқа аударып қояйық» немесе «несиені жабу үшін жаңа несие алып көрейік» деп иландырады. Алаяқтарға сеніп қалған адам өзi-ақ бөтен шотқа ақша аударды немесе банк қосымшасындағы құпия кодтарды айтып қояды. Мұндай мысалдарды полиция тұрақты түрде жариялауда.

Екінші тәсіл – құқық қорғау немесе арнайы орган атынан қоңырау шалу. Қоңырау шалушы өзін полиция қызметкері не ұлттық қауіпсіздік органының өкілімін деп таныстырып, атыңыз қылмыстық іске қатысы барын, шотыңыз «тергеуде» екенін айтады. «Арнайы операция жүріп жатыр», «ақшаныңды уақытша басқа есепшотқа аударып қоямыз» деп, адамның ойлануына да мүмкіндік бермей, тез әрекет етуге итермелейді.

Үшінші әдіс – «мобильді оператордан» келген қоңырау. Бұл жерде алаяқ өзін ұялы байланыс компаниясының операторымен деп таныстырып, «SIM-картаңыздың мерзімі бітеді», «нөміріңізді бұғаттап тастайды» деп хабарлайды. Одан кейін телефонға келген SMS-кодты айтуды сұрайды. Шын мәнінде, бұл код «WhatsApp» не басқа мессенджерді өз құрылғысына қосу үшін керек, яғни сіздің аккаунтыңызды өзіне аударып алады.

Тағы бір кең тараған тәсіл – «оңай пайда» мен инвестицияға шақыру. Әлеуметтік желіде немесе «WhatsApp»-та өзін «брокермін», «қор нарығын жақсы білемін» деп таныстыратын адамдар криптовалютаға, алтынға, акцияға айына 30-50 пайызға дейін пайда әкелеміз деп сендіреді. Tengrinews.kz сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, WhatsApp арқылы ұйымдастырылған қаржы пирамидасы нәтижесінде ондаған қазақстандық 26 миллион теңгеден астам қаржысынан айырылған.

Маркетплейстер мен онлайн-сауда – алаяқтар үшін үлкен алаң. Онлайн хабарландыру сайттарында «өте арзан», «аса тиімді» тауарларды ұсынып, алдын ала төлем жасаққаннан кейін хабарсыз жоғалып кететін сатушылар көбейген. Керісінше, жалған «сатып алушылар» да бар: олар тауар үшін төлем жасағанын жөнінде жалған түбіртек жібереді немесе «ақшаны банк картасына емес, қауіпсіз шотқа жібердік» деп, арнайы сілтеме арқылы сізден карта деректеріңізді алдап алады. «Polisia.kz» сайтында жарияланған соңғы ескертулердің бірінде интернет-алаяқтардың автокөлік иелеріне «жол ережесін бұзғаны үшін айыппұл» туралы жалған SMS пен сілтемелер жіберіп, сол арқылы банк деректерін ұрлайтыны айтылған.

Тағы бір қауіпті схема – «жақындардың атынан хабарласу». Олар өзін баласы немесе туысы ретінде таныстырып,

«телефоным бұзылып қалды, шұғыл ақша керек, кейін қайтарам» деген хабарламалар арқылы карта нөмірін, тіпті кейбір жағдайларда CVV-кодтарға дейін алған.

Бұл схемалардың барлығында ортақ нәрсе бар. Алаяқтар адамның қорқынышы мен сенгіштігін пайдаланады. Әсіресе егде жастағылар, жастар, цифрлық және қаржылық сауаттылығы төмен азаматтар жиі алданады.

Алаяқтарға «WhatsApp» немесе әлеуметтік желідегі парақшаңыздың өзі алтын кілт. Біріншіден, аккаунтқа қол жеткізе отырып, олар сіздің атыңыздан туыстарыңыз бен достарыңызға хабарласып, қарызға ақша сұрайды. «Жақын адамым ғой» деп сенгендер адамдар көбіне ойланбастан ақша аударып жібереді. Кейін «мен ештеңе сұраған жоқпын» деп түсіндіргенде, бәрі кеш болады. Екіншіден, «WhatsApp»-та немесе басқа әлеуметтік желілерде көптеген адам жеке құжаттарының фотосын сақтап қояды: төлқұжат, ЖСН, банк картасының суреті, қолындағы тауардың немесе чектің фотосуреттері. Осындай деректер қолына түскен алаяқ бұл мәліметтерді онлайн несие рәсімдеуге, жалған аккаунттар ашуға немесе жаңа қылмыстық схемаларға қолдануы мүмкін. Үшіншіден, бұзылған аккаунт алаяқ үшін «сенім арнасы» сияқты. Сіздің профиліңіз арқылы ол басқаларды алдап, сілтеме таратып, тағы да басқа адамдардың деректерін жинайды. stationx.net сайтында жарияланған шолуда әлеуметтік желідегі осындай шабуылдардың салдарынан миллиардтаған доллар жоғалатыны, ал кейбір тұтынушылар қорқып, аккаунттарын мүлде өшіріп тастайтыны жазылған.

Қалай қорғануға болады?

Әлеуметтік желіде өзіңізді қорғай білу үшін білікті маман болудың қажеті жоқ, тек мына ережелерді білсеңіз болды.

Ешқашан құпия деректерді телефонмен айтпаңыз және чатқа жазбаңыз. Бұл банк картасының PIN-коды, CVV/CVC коды, SMS арқылы келетін бір реттік парольдер, интернет-банкінгтің логині мен құпиясөзі, мобильді қосымшадағы растау кодтары. Қазақстан Ұлттық банкі мен қаржылық реттеуші органдардың ресми хабарламаларында банк қызметкерлері ешқашан телефон арқылы мұндай мәліметті сұрамайтыны бірнеше рет ескертілген. Егер біреу өзін банк не мемлекеттік органның қызметкерімін деп таныстырып, осы деректерді талап етсе, ол – алаяқ.

Белгісіз нөмірден күдікті қоңырау келсе, асықпай сөйлесіңіз. Қоңырау шалушының аты-жөнін, лауазымын сұрап алыңыз да, сөйлесуді тоқтатып, банктің немесе мемлекеттік органның ресми байланыс нөміріне өзіңіз қайта қоңырау шалыңыз.

Қауіпсіздікті күшейтуге арналған функциялар

«WhatsApp» мәзірінен «Екі сатылы растау» дегенді таңдауға болады. Содан кейін жүйе сізден 6 таңбалы PIN-код ойлап табуды сұрайды. Осы кодты тек өзіңіз ғана біліп, ешкімге айтпау керек. Сол кезде SIM-картаңызға келетін SMS-кодты қолға түсіріп алғанның өзінде, бөтен адам аккаунтыңызға кіре алмайды, себебі PIN-кодты да білуі керек.

«WhatsApp»-тағы «баптаулар» > «аккаунт» > «екі сатылы растау» функциясын, «қауіпсіздік ескертулері» функциясын да қосқан дұрыс. Бұл іске қосылғанда, сіздің әңгімелесушілеріңіздің қауіпсіздік кілті өзгерсе, мессенджер арнайы хабарлама жібереді. Яғни біреу аккаунтыңызға басқа құрылғыдан кірсе, соны ертерек байқайсыз. Әлеуметтік желілерде де ұқсас қағидалар бар. Қауіпсіз, ұзақ әрі әр платформаға бөлек құпиясөз қолданыңыз. Мүмкін болса, SMS арқылы емес, арнайы аутентификатор-қосымшалар арқылы екі факторлы аутентификация қосыңыз. Бейтаныс аккаунттардан келетін «достық» сұрауларын ойланбай қабылдамаңыз.

Бүгінгі цифрлы заманда алаяқтардың арбауына түсіп қалу тек біреудің ғана емес, әрқайсымыздың басымызға түсуі мүмкін жағдай. Бір ғана код, жалғыз сілтеме арқылы жеке мәліметіңізден айырылып қалуыңыз мүмкін. Күдікті қоңырау мен хабарламаға жауап бермей, құпия деректерді ешкімге айтпай, аккаунтыңызды екі сатылы тексеру арқылы қорғап, қандай жағдайда да асықпай шешім қабылдауды әдетке айналдырсақ, өзімізді де, жақындарымызды да интернеттегі алаяқтардан қорғай аламыз. Ең бастысы, бейкам жүрмей, киберқауіпсіздікті сақтау керек. Сонда ғана WhatsApp пен әлеуметтік желі біз үшін алаяқтардың тұзағы емес, байланыс пен мүмкіндіктің сенімді құралы болады.

София ТЕМІРБОЛАТ

СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДА



«Жұмысшы мамандықтары» жылы аясында Қызылорда жоғары кәсіпалық колледжінің ұйымдастыруымен «Кәсіптік-техникалық мамандықтар: еңбек нарығының сұранысы мен болашағы» тақырыбында облыстық семинар өтті. Іс-шараға облыстық білім басқармасының мамандары мен колледж директорлары қатысты.

Семинарға қатысушылар жоғары кәсіпалық колледжінің оқу үдерісіне негізделген заманауи материалдық-техникалық базасымен, робототехника кабинеті, электрмен қамтамасыз ету, агротехника, автокөлік жөндеу, ветеринария, тігін шеберханасы, құрылыс кабинеттері, бағдарламалау зертханасы жұмыстарымен танысты.

Арнайы жабдықталған кабинеттер білім беру сапасын арттыруға және болашақ мамандардың құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Облыстық іс-шараға техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Бекжан Есенбаев, Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхамед Сыздық және И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің директоры Абайбек Жүнісов, «Қызылорда жылу орталығы» МКК маманы Нұрлан Байкен арнайы қатысып, пікір білдірді.

Бүгінгі таңда еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі – кәсіби-техникалық мамандарды даярлау. 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялануы кәсіпқойлық пен

еңбексүйгіштік идеясын алға жылжытуға үлкен серпін береді. Колледжіміздің басты мақсаты – заманауи технологияларды меңгерген, кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар даярлау. Дуалды оқытуды дамыту арқылы студенттер теорияны өндірістік тәжірибемен

ұштастырады. Бүгінде білім алушылардың 60%-ы өндірісте тәжірибе жинақтап, түлектердің 80%-дан астамы мамандығы бойынша жұмысқа орналасып отыр. Студенттеріміз WorldSkills чемпионаттарында жүлделі орындарға ие болып, халықаралық деңгейдегі таланттарға сай біліктілігін дәлелдеуде, – деді колледж директоры Маржан Қылышбайқызы.

Семинар барысында «Болашақ маманның бір күні» атты Workshop Vision ұйымдастырылып, қатысушылар өзара пікір алмасты және ұсыныстар жасады. Сонымен қатар «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы және «Қызылорда нан» ЖШС мекемелерімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Жарасқан ҚҰАНЫШБАЙ



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлттан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына аяуырын, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978 Тапсырыс №2037

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК